

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - Б. 18-20

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, БӨКЕЙ ОРДА АУДАНЫ ТАБИҒИ ЖАЙЫЛЫМДАРЫНДА ИТАЛЬЯНДЫҚ ШЕГІРТКЕЛЕРДІҢ ТАРАЛУЫ, ЗИЯНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Жұмағали А.

Ауыл шаруашылығының басты мақсаты – бәсекеге қабілетті отандық ауылшаруашылық өнімдерді өндіру. Бүгінгі күні агроөнеркәсіп кешенінің дамуы еліміздің басты мәселесі болып отыр.

Шегірткелер- ауыл шаруашылығы дақылдары, шабындықтар мен жайылымдықтар үшін өте қаіпті зиянкестер. Ерте кезде олардың жаппай көбеюі табиғи апаттарға, сонымен қатар мыңдаған адамдарды аштыққа соқтарған.

Қазақстанда әртүрлі табиғи экономикалық аймақтарында шегірткелердің 270 түрі кездеседі. Арасында ауыл шаруашылығы егістіктері мен ауыл шаруашылығында пайдаланатын жерлерде жыл сайын шегірткелердің 15–20 түрлері техникалық, көкөністік дақылдарына, жайылым мен шабындықтарға зиян келтіреді. Тіршілік ету ерекшеліктеріне байланысты шегірткелер үйірлі және саяқ болып екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа сан мөлшері жағынан өте көп болып өсіп-өніп және белгілі бір алқапта тығыз орналасқан, шоғырлана тіршілік ететін шегірткелер (азиялық, мароккалық, италиялық шегірткелері), ал екінші топқа бір жерге шоғырланбай дара тіршілік ететін шегірткелер (атбасарлық, сібірілік, қара канатты, крес тәрізді шегірткелер және басқалары) жатады [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 13 тамыздағы №697 және 2001 жылғы 26 қарашадағы №1518 Қаулыларымен «Ауылшаруашылық өсімдіктерінің аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесіне» шегіртке тұқымдастардың мынадай үйірлі түрлері енгізілді: италияндық шегіртке (*Calliptamus italicus* L.); азиялық, немесе ұшпа шегірткесі (*Locusta migratoria migratoria* L.); мароккалық шегіртке (*Dociostaurus maroccanus* Thnb.) [2].

Үйірлі шегірткелердің аса қауіпті болуы, олардың жасы өскен сайын екі есе көп азықты қажет етеді. Әр шегіртке өзінің даму кезеңінде 50-100 г масса жасыл жейді, ал олардың саны миллион және миллиардқа дейін жетеді. Үйірлі шегірткенің аса қауіптілігін ескерсек оны зертеу және күресу жұмыстары мемлекеттік қаржы есебінен жүргізіледі. Қазіргі кезде аса қауіпті шегірткелердің тез таралуы агроөндірістік кешен үшін және елдер экономикасына жаппай апат салдарын туғызуда, фитосанитарлық және азық - түлік қауіпсіздігіне қатты әсерін тигізуде [3].

1999 жылдан 2002 жылға дейінгі кезеңде италияндық шегіртке аса қауіпті шегірткелердің бірі, ал Қазақстан әлемдегі ең «шегірткелі» ел болып

танылды.....Өндірістік ұйымдар бұл жайтты ауыл шаруашылығының экономикалық әлсіздігі, материалдық-техникалық ресурстың шектеулілігі, қорғаныш шаралары мен қуаңшылық, ауа райы регламентінің бұзылуы деп түсіндірді [4].

Ауыл шаруашылық өсімдіктерге итальяндық шегірткенің дернәсілдері және ересектері зиян келтіреді. Олардың саны көбейіп, барлық өсімдіктердің түрлерін, оның ішінде, егіс алқаптарымен шабындық жерлерді толық жойып жіберетін қабілеті бар. Әсіресе, үйірлі шегірткелердің ұзақ қашықтықтарға ұшып, қонып қоныстанғандары аса өте қауіпті болып есептеледі. Бұл жағдайда олармен күресу шаралары қиындай түседі. Итальяндық шегірткенің саны жаппай көбейген жылдары басқада үйірлі түрлері сияқты жиналған жерде өсімдіктерді түгелдей құртып жібере алады. Итальяндық шегірткенің санын азайту үшін механикалық, агротехникалық, биологиялық, химиялық және басқа да күресу тәсілдер қолданылады. Агротехникалық шаралардың (далаларды өңдеу, тың және тұрып қалған жер учаскелеріне себу алдындағы қопсыту, тырмалау және т.б.) маңызы зор. Шегірткенің көп шоғырлануын болдырмау үшін заманауи тәсілдерін жетілдіру қажет. Бұл орайда ең басты қажеттілік шегірткелердің алдын алу шараларының стратегиялық бағытын өзгерту, залалы аз инсектицид, қолдану керек [5].

Зиянды шегірткелерді бақылау жұмыстарына:

Күбіршелерді көктемгі бақылау жұмыстарының негізгі мақсаты-қысқы мерзімнен тірі немесе өлі шыққан жұмыртқалардың санын есептеу және көктемде ояну мерзімін анықтау болып табылады.

Дернәсілдерді көктемгі-жазғы бақылау жұмыстары кезінде дернәсілдердің ошақтарын табу, ояну мерзімін анықтау, көлемін толық анықтау және өңдеу жұмыстарының мерзімін, көлемін белгілеу.

Шегірткелердің қанаттану кезіндегі бақылау жұмыстарының негізгі мақсаты- шегірткелердің түрлерін анықтау, үйірлердің көлемін және санын анықтау, шағылысу және күбіршелерін салған жерлерді анықтау, осыған орай келесі жылға қорғау жұмыстарының көлемін жоспарлау болып табылады.

Күбіршелер арқылы күзгі бақылаудың мақсаты-барлық есептелген көлемдерден ең жоғарғы саны анықталған күбіршелердің тығыздығын анықтау.

Шоғырланған шегірткелердің 1 шаршы м-ге есептеу тәсілін пайдаланған кезде, мамандар алдын-ала белгіленген бағыт-бағдармен жүре отырып, белгілі қашықтықта, 1 шаршы метрлік алаңнан секіріп шыққан шегірткелердің санын көзбен есептеп отырады. Шегірткелердің орташа санын есептеу үшін, кәсектің ішіндегі барлық шегірткелер санының, 1ш. метрлік алаңдардың санына қатынасы арқылы табылады[6,7].

Бөкей ордасы ауданы жағдайында 2019 жылы итальяндық шегіртке күбіршегіне көктемгі кезеңдегі мониторингалық бақылау жұмыстары сәуір айының 10.04.-25.04.2019ж. аралығында жүргізілді. Тексерілген жер көлемі - 2,0 мың га, шоғырланған жері – 1,3 мың га жерді құрап, 1ш/м табылған

күбіршектегі жұмыртқалардың орташа саны – 24 дана болса, минималдық - 3дана, максималдық - 44данадан келді.Күбіршектердегі жұмыртқа саны-26-36дана аралығында болды. Көктемгі-жазғы мезгілде итальяндық шегіртке дернәсіліне жүйелі түрде бақылау жұмыстары – 105,0 мың га жерге жүргізілді.Итальяндық шегірткесінің бастапқы қанаттануы – маусымның 22 жұлдызында байқалса, ал жаппай қанаттануы –28 –ші маусымда тіркелді. Зиянкестердің бастапқы ұшу кезеңі – 26.06.2019жылы тіркеліп, сол кезде шегірткенің көтерілу деңгейі -2-3метрге жеткен болатын, ал жаппай ұшуы – бірінші шілдеде байқалса, осы кездегі шегірткелердің көтерілу биіктігі жаппай ұшу кезінде 7-8 метрге жетті. Ұшу қашықтығы күніне 9-10 шақырымды құрап отырды.

Итальяндық шегірткесінің бастапқы шағылысуы – 03.07. тіркелсе, ал жаппай шағылысуы – 10 шілдеден басталды, ал аналық итальяндық шегірткесінің бастапқы жұмыртқа салуы -11.07 байқалды, жаппай жұмыртқа салуы- 19.07 тіркелді. Итальяндық шегірткесінің шағылысу және жұмыртқа салу кезеңінде-10.07-22.08.19ж. аралықтарында жүріп, ал мониторингтік бақылау жұмыстары- 340,0 мың.га жерге жүргізілді, қоныстанған жері- 79,0 мың.га жерді құрады. Ересек шегірткелердің 1ш/м. жердегі саны орташа есеппен бданадан келді.

Биылғы жылы ауданның Бисен, Орда, ауылдық округтерінің қырлық өңірлерінде итальяндық шегірткесіне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары уақтылы жүргізілді. Маусымдық анықтаушылар келісімде көрсетілген уақытта жұмысқа кірісіп, дер кезінде шегіртке зиянкестерінің қоныстанған аумақтарын тауып анықтап отырды. Негізі қолданылған техника Гозогенератор. Өңдеуге негізінен Диуран 48%-ы, Комбат 15%, Доклаприд-20% -ы қолданылды. Биылғы жылы жалпы өңделген жер көлемі 6 мың га ды құрады. Пестицидтердің биологиялық тиімділігі орташа есеппен 70x80% құрады.Өндірістік тәжірибеде пестицидтерді қоспа түрінде пайдаланудың тиімділігі жоғары екені байқалды. 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы химиялық өңдеу жұмыстары едәуір төмендеп отыр. Оған себеп:

1. Биылғы жылы ұшу және шағылысу кезеңдерінде зерттеу-бақылау барысында шегірткелердің 1ш/м. жерге жоғарғы саны 9данадан асқан жоқ.

2. Әдістемелік нұсқаулық бойынша ересек шегірткелердің қоныстану тығыздығы 5-ке дейін 62,0 мың га жер шегіртке дамуының көтерілу (подъем) кезеңімен, жер бетімен (наземный) өңдеу жолымен 40% есептелініп 24,8 мың га жерге болжанды, қоныстану тығыздығы 10-ға дейін 17,0 мың га жерді құрап (подъем) 60% есептелініп 10,2 мың га жер химиялық өңдеуге жоспарланды.

3. Бақылау кезінде шегіртке күбіршектерінің ішіндегі жұмыртқа саны орташа есеппен биыл 30-32 дана аралығында болса, былтыр 27-38 данадан болды, былтырғы жылмен салыстырғанда едәуір төмендігі байқалады және де екі ауылдық округтен табылып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 Сагитов А.О., Ажбенов В.К. (под ред.). Методические указания по

учету и выявлению особоопасных вредителей и болезней сельскохозяйственных угодий/ - Алматы: «Бастау», 2003.- 48 с.

2 А.Лачининский, М.Сергеев, М.Чильдебаев, М.Черняховский, Дж.А. Локвуд, В.Е.Камбулин, Ф.А.Гаппаров Саранчовые Казахстана, Средней Азии и сопредельных территорий /-Ларами:Международная Ассоциация прикладной Акридологии и Университет Вайоминга, 2002. – 387с.

3 Ажбенов В.К. Массовые размножения и миграции саранчовых в Казахстане.// Степной бюллетень. №6. – Новосибирск, 2000. –С. 16-20.

4 А.О. Сағитов Жаршы журналы/ «Шегіртке тұқымдастарымен күрес-өзекті мәселе», Алматы, 2012 жыл, 4-бет

5 Нурмуратов Т.Н., Ажбенов В.К., Камбулин В.Е., Чильдебаев М., Комиссарова И.А., Жумагалиева Г. Саранчовые вредители сельскохозяйственных растений Казахстана и рекомендации по ограничению их численности. - Алматы: «Asia Publishing», 2000. -56 с.

6 Сулейменова З.Ш, Методические указания, Астана , 2009г, стр 30-31.

7 A.S Mendigaliyeva, KH.K. Torybayev, S.S Arystangulov ,Nocuity of the Ansilopia Austrica in seed wheat sows and measures to fight with them in conditions of Western Kazakhstan. Eco.Env.E Cons. 24 (4): 2018; pp. (1970-1975); Copyright@ EM International ISSN 0971-765X.

Жетекші: Арыстангулов С.С., а.ш.ғ.к., доцент